

Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 89/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 сәуірде № 4443 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 3 қарашадағы № 289/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 03.11.2021 № 289/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық Кодексінің 20-бабының 17-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырылған коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидалары бекітілсін.

2. "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте: осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аймақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

Павлодар облысы әкімдігінің
2015 жыл "7" сәуір № 89/4
қаулысымен
бекітілді

1. Жалпы ережелер

1. Осы Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидалары (бұдан әрі—Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 20-бабы 17-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің тәртібін анықтайды.

2. Коммуналдық қалдықтарға тұрмыстық қатты қалдықтар және елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде түзілген тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен түзілу сипаты жағынан осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары жатады.

Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу тәртібі

3. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары тұрғын үй қорының барлық объектілері, тұрғын емес үй-жайлар үшін жеке-жеке белгіленеді.

4. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес тұрғын үй қорының барлық объектілері үшін және тұрғын емес үй-жайлар бойынша анықталады.

5. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары кейіннен есептік бірлікке жинақталу көлемін кейін есептей отырып, заттай өлшеу жүргізу жолымен анықталады.

6. Заттай өлшеу жүргізу үшін жайлылық деңгейі әртүрлі екі үлгідегі тұрғын үй қорының объектілері бөлінеді:

1) су құбыры, кәріз, газбен жабдықтау, орталықтан жылыту, қоқыс құбыры бар жайлы тұрғын үй;

2) пешпен жылытылатын, су құбыры мен кәрізі жоқ жайлы емес тұрғын үй.

7. Тұрғындар тарапынан түзілетін коммуналдық қалдықтардың түзелу және жинақталу нормаларын анықтау үшін тұрғылықты халықтың мынадай саны бар учаскелер бөліп алынады:

халқының саны 300 мың адамға дейінгі қалаларда учаскелер жайлылықтың әрбір түрі бойынша тұрғындардың жалпы санының 2%-ын;

халқының саны 300-500 мың адам болатын қалаларда учаскелер жайлылықтың әрбір түрі бойынша тұрғындардың жалпы санының 1%-ын;

халқының саны 500 мың адамнан асатын қалаларда – 0,5%-ын қамти отырып таңдалады (соның ішінде жайлы емес сектор бойынша кемінде 500 адам).

8. Таңдап алынған объектілерде өлшеу жүргізу алдында жергілікті атқарушы органдар коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын

ұйымдармен бірлесіп, осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша тұрғын қоры мен тұрғын емес үй-жайлардың коммуналдық паспортын жасайды.

9. Түзілген және жинақталған коммуналдық қалдықтардың массасы мен көлемін анықтау үшін өлшеу сызғышы мен салмақ өлшеу жабдығы пайдаланылады.

10. Өлшеуді бастамас бұрын контейнердегі қалдықтар тегістеледі және өлшеу сызғышының көмегімен қалдықтың көлемі анықталады.

11. Жинақталған қалдықтардың массасы толған контейнерлерді өлшеу жолымен және кейін бос контейнердің массасын алып тастау арқылы анықталады.

12. Егер бір учаскеде түзілген және жинақталған қалдықтардың жалпы көлемі арнайы техниканың (қоқыс тасығыштың) шанағын толтырған және басқа учаскелерден қоқысты тиеу мүмкін болмаған жағдайда, қалдықтардың массасын қоқыс тиелген және бос машиналарды автомобиль таразысында өлшеу жолымен анықтауға рұқсат етіледі.

13. Түзілген және жинақталған қалдықтардың массасы мен көлемі жөніндегі деректер осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бастапқы жазба бланкісіне жазылады.

14. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өңдегеннен кейін әрбір объектінің алынған деректері (массасы, көлемі) аптаның күндері бойынша жалпы саны шығарылады және осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша коммуналдық қалдықтарды түзудің және жинақтаудың жиынтық маусымдық ведомосіне енгізіледі.

15. Маусымдық өлшеу жүргізілгеннен кейін деректер (масса, көлем) осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жиынтық жылдық ведомосіне енгізіледі.

16. Белгілі бір объекті бойынша өлшеу болжанып отырған коммуналдық қалдықтарды жинағанда басқа объектілердің коммуналдық қалдықтары араласып кетпеуге тиіс.

17. Қалдықтардың жинақталуын анықтаған кезде бірдей сыйымдылықтағы стандартты контейнерлер пайдаланылады. Қалдықтарды барынша толық есепке алу және біркелкі емес түзілу мен жинақталу коэффициентін анықтау мақсатында қосымша контейнерлер орнату көзделеді, оларды орнату қажеттілігі мен олардың саны таңдап алынған учаскелерді тексерген кезде нақтыланады.

Өлшеу басталғанға дейін бір тәулік бұрын барлық контейнерлер толық тазартылуға тиіс.

18. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өңдеу өлшеу жүргізген күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей жүргізіледі.

19. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

Коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу
нормаларын есептеу
қағидаларына
1-қосымша

Тұрғын қоры мен тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің түрлері

| № | Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер | Есептік бірлік |
|----|---|------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Жайлы және жайлы емес үйлер | 1 тұрғын |
| 2 | Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар | 1 орын |
| 3 | Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері | 1 орын |
| 4 | Балабақшалар, бөбекжайлар | 1 орын |
| 5 | Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері | 1 қызметкер |
| 6 | Емханалар | 1 адам |
| 7 | Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері | 1 төсек-орын |
| 8 | Мектептер және өзге де оқу орындары | 1 оқушы |
| 9 | Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері | 1 орын |
| 10 | Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы | 1 орын |
| 11 | Мұражайлар, көрмелер | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 12 | Стадиондар, спорт алаңдары | Жоба бойынша 1 орын |
| 13 | Спорт, би және ойын залдары | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 14 | Азық-түлік дүкендері | Сауда алаңы 1 м ² |
| 15 | Машиналарды сату | Сауда орны 1 м ² |
| 16 | Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер | Сауда алаңы 1 м ² |
| 17 | Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер | Сауда алаңы 1 м ² |
| 18 | Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 19 | Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 20 | Тұрмыстық қызмет корсету үйі: халыққа қызмет көрсету | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 21 | Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар | Жалпы алаңы 1 м ² |
| | | |

| | | |
|----|--|------------------------------|
| 22 | Жағажайлар | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 23 | Дәріханалар | Сауда алаңы 1 м ² |
| 24 | Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар | 1 машина-орын |
| 25 | Автомобиль шеберханалары | 1 жұмысшы |
| 26 | Гараж кооперативтері | 1 гаражға |
| 27 | Шаштараздар, косметикалық салондар | 1 жұмыс орны |
| 28 | Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 29 | Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 30 | Шағын жөндеу және қызмет көрсету (кілттерді жасау және т.б.) | 1 жұмыс орны |
| 31 | Моншалар, сауналар | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 32 | Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар | 1000 қатысушы |
| 33 | Бау-бақша кооперативтері | 1 учаске |

Коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу
нормаларын есептеу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Тұрғын үй қоры объектісінің коммуналдық паспорты

Қала _____

— 1. Мекенжайы _____

2. Қабаттылығы _____

— 3. Үйдің нөмірі _____

4. Тұрып жатқан адамдардың саны, адам _____

5. Жайлылық деңгейі: _____

— а) су құбырының, газдың, кәріздің болуы _____

б) жылу беру түрі (орталықтан, пешпен, жергілікті) _____

в) отынның түрі - көмір (тас көмір, қоңыр темір), ағаш отын, газ _____

г) қоқыс құбырының болуы _____

— д) аула аумағының алаңы, м² _____

оның ішіндежасыл екпелер бар _____

—

жабыны қатты _____

оның ішінде жаяусоқпақтар _____

6. Контейнерлердің типтері, олардың саны және сыйымдылығы _____

7. Қоқысты шығару кезеңділігі _____

8. Қайталама шикізатты бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша)

Қолдары:

Т.А.Ә., лауазымы

Нысан

Тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің коммуналдық паспорты

Қала

1. Объектінің атауы _____

2. Мекенжайы _____

3. Жапсарлас салынған немесе жеке тұрған (соңғысының қабатын көрсету
кажет) _____

4. Орын саны (қызметкерлер және т.б.) _____

5. Тәулігіне өткізу қабілеті: _____

ойын-сауық кәсіпорындары үшін (орын саны) _____

қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін (тағам түрі) _____

6. Қызмет көрсететін персоналдың саны, адам _____

7. Үй-жайдың жалпы алаңы, м² _____

Оның ішінде:

сауда алаңы _____

қоймалық және қосалқы алаң _____

8. Аула аумағының алаңы, м² _____

Оның ішінде: жасыл екпелер бар _____

жабын қатты _____

9. Контейнерлердің типі, олардың саны және сыйымдылығы _____

10. Қалдықтарды шығару мерзімі _____

11. Тамақ қалдықтарын және қайталама шикізатты бөлек жинау жүргізіле ме?
(қандай және қанша) _____

Қолдары:

Т.А.Ә., лауазымы

Коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу
нормаларын есептеу
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Бастапқы жазба бланкісі

_____ (күні)

_____ объектісі

бойынша

(атауы, мекенжайы)

| Контейнердің р/с № | Жиналған қалдықтар қабатының биіктігі, h, м | Контейнер негізінің алаңы, S, м ² | Контейнердегі қалдықтардың көлемі, h*S, м ³ | Қалдықтар тиелген контейнердің массасы (қоқыс тасығыш), m _з , кг | Б о с контейнердің массасы (қоқыс тасығыш) m _п , кг | Контейнердегі қалдықтардың массасы, m _з - m _п |
|-----------------------|---|--|--|--|--|---|
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| ... | | | | | | |
| Тәулік ішіндегі жиыны | | | V _{тәу} | | | M _{тәу} |
| | | | | Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидаларына 4-қосымша | | |
| | | | | Нысан | | |

Объектілердің топтары бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жиналуының жиынтық айлық (маусымдық) ведомосі

20__ жылғы _____ бастап _____ дейін

Жайлылық типі _____

| | | | | | | |
|--|--|--|--|---|--|--|
| | | | | Жинақталған коммуналдық қалдықтардың көлемі/массасы | | |
|--|--|--|--|---|--|--|

| Аптаның күндері | Объектінің атауы | Объектінің қызмет түрі | Есептік бірліктің саны | жалпы | | 1 есептік бірлікке | | Орташа тығыздығы, кг/м ³ | Барлығы қайталама шикізат іріктеп алынды (бөлек жинаған кезде) | |
|------------------|------------------|------------------------|------------------------|-------|----------------|--------------------|----------------|-------------------------------------|--|----------------|
| | | | | кг | м ³ | кг | м ³ | | кг | м ³ |
| Дүйсенбі | | | | | | | | | | |
| Сейсенбі | | | | | | | | | | |
| Сәрсенбі | | | | | | | | | | |
| Бейсенбі | | | | | | | | | | |
| Жұма | | | | | | | | | | |
| Сенбі | | | | | | | | | | |
| Жексенбі | | | | | | | | | | |
| Тәулігіне орташа | | | | | | | | | | |

Қолдары

Т.А.Ә., лауазымы

Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидаларына 5-қосымша

Нысан

Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жиынтық жылдық ведомосі

Жайлылық типі _____

| Объект | Ай | Өлшенетін бірліктің саны | Қалдықтардың жиналуы | | | | Біртекті емес коэффициент | | Бөлек жинау, кг | | | |
|--------|----|--------------------------|----------------------|----|----------------------|----|---------------------------|---|-----------------|----|----------------------|----|
| | | | жалпы | | өлшенетін 1 бірлікке | | | | жалпы | | өлшенетін 1 бірлікке | |
| | | | м ³ | кг | м ³ | кг | | | м ³ | кг | м ³ | кг |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |

Барлығы

Тәулігіне орташа

Қолдары

Т.А.Ә., лауазымы

Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу

Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу

1. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу былайша жүргізіледі:

1) бір тәулікте объектіде коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған бір контейнерде түзілген және жинақталған қалдықтардың көлемін анықтау ($V_{\text{конт}}$, M^3):

$$V_{\text{конт}} = h * S$$

мұндағы h – контейнердің түбінен бастап жинақталған коммуналдық қалдықтардың жоғарғы нүктесіне дейінгі биіктік, м;

S - контейнер түбінің алаңы, m^2 ;

2) контейнерлік алаңда коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жалпы көлемін анықтау ($V_{\text{тәу}}$, m^3), егер контейнерлік алаңда коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған контейнерлердің саны бірден артық болса:

$$V_{\text{тәу}} = V_{\text{конт1}} + V_{\text{конт2}} + V_{\text{конт3}} \dots$$

мұндағы $V_{\text{конт1}}$, $V_{\text{конт2}}$, $V_{\text{конт3}}$ - контейнерлік алаңда орналасқан әрбір контейнер бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының тәуліктік көлемі. Есептеу контейнерлік алаңда орналасқан контейнердің санына байланысты жүргізіледі;

3) коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған контейнерде жинақталған коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасын анықтау ($m_{\text{конт}}$, кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$m_{\text{конт}} = m_3 - m_{\text{п}}$$

мұндағы m_3 – қалдықтар тиелген контейнердің массасы, кг;

$m_{\text{п}}$ – қалдықтардан бос контейнердің массасы, кг;

4) объектіде түзілген коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасын анықтау ($m_{\text{тәу}}$, кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$m_{\text{тәу}} = m_{\text{конт1}} + m_{\text{конт2}} + m_{\text{конт3}} \dots$$

мұндағы $m_{\text{конт1}}$, $m_{\text{конт2}}$, $m_{\text{конт3}}$ – контейнерлік алаңда орналасқан әрбір контейнер бойынша коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасы. Есептеу контейнерлік алаңда орналасқан контейнерлердің санына байланысты жүргізіледі;

5) жинақталу нормалары жылдың маусымдары бойынша анықталады.

Өлшеу қызмет көрсету кестесіне сәйкес контейнерлік алаңнан қалдықтарды шығарғанға дейін тәуліктің бір мезгілінде жеті күн бойы (үзіліссіз) жүргізіледі.

Өлшеу жүргізу мерзімдері: қыста – желтоқсан/қаңтар; көктемде – сәуір/мамыр; жазда – маусым/шілде; күзде – қыркүйек/қазан.

Маусымдық кезең ішінде объектіде түзілген коммуналдық қалдықтардың көлемін анықтау ($V_{\text{маус}}$, м³) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$V_{\text{маус}} = V_{\text{тәу1}} + V_{\text{тәу2}} + \dots + V_{\text{тәу7}}$$

мұндағы $V_{\text{тәу1}}$, $V_{\text{тәу2}}$ – белгілі бір маусымда әр тәулік ішінде объектіде пайда болған коммуналдық қалдықтардың көлемі;

б) маусымдық кезең ішінде объектіде пайда болған коммуналдық қалдықтардың көлемін анықтау ($m_{\text{маус}}$, кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$m_{\text{маус}} = m_{\text{тәу1}} + m_{\text{тәу2}} + \dots + m_{\text{тәу7}}$$

мұндағы $m_{\text{тәу1}}$, $m_{\text{тәу2}}$ – белгілі бір маусымда тәулік ішінде объектідегі коммуналдық қалдықтардың массасы;

7) объектіде коммуналдық қалдықтардың түзілу көздерінің санынан коммуналдық қалдықтардың орташа маусымдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша ($V_{\text{тм}}$, м³):

$$V_{\text{тм}} = V_{\text{маус}} / (n^x a)$$

массасы бойынша ($m_{\text{тм}}$, кг):

$$m_{\text{тм}} = m_{\text{маус}} / (n^x a)$$

мұндағы n – маусымдық кезең ішінде бақылау тәулігінің саны;

a – есептік бірліктің саны.

8) объектіде есептік бірлікке коммуналдық қалдықтардың тәуліктік орташа жылдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша ($V_{\text{том}}$, м³):

$$V_{\text{том}} = (V_{\text{тм}}^{\text{к}} + V_{\text{тм}}^{\text{к}} + V_{\text{жтм}} + V_{\text{тм}}^{\text{кү}}) / n$$

массасы бойынша ($m_{\text{том}}$, кг):

$$m_{\text{том}} = (m_{\text{тм}}^{\text{к}} + m_{\text{тм}}^{\text{к}} + m_{\text{жтм}} + m_{\text{тм}}^{\text{кү}}) / n$$

мұндағы жоғарғы индекстер "к", "к", "ж", "кү" – қыста – "к", көктемде – "к", жазда – "ж", күзде "кү" – есептік бірлікте тиісінше қалдықтар пайда болуының тәуліктік орташа маусымдық нормативтерін білдіреді;

n – қалдықтар пайда болған маусымның саны ($n=4$).

9) Объектіде есептік бірлікте коммуналдық қалдықтардың пайда болуымен жинақталуының жылдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша ($V_{ж}, м^3$)

$$V_{ж} = V_{тож} \times n_{к}$$

массасы бойынша ($m_{ж}, кг$):

$$m_{ж} = m_{тож} \times n_{к}$$

мұндағы $n_{к}$ – жылдағы күннің саны.

2. Коммуналдық қалдықтардың орташа тығыздығын анықтау, коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының маусымдық және тәуліктік біртекті емес коэффициентін анықтау мақсатында қосымша мынадай есеп жүргізіледі:

1) коммуналдық қалдықтардың орташа тығыздығын анықтау (ρ

$ор, кг/м^3$) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\rho = m/V$$

мұндағы m және V – есептік бірлікте тиісінше массасы мен көлемі бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жылдық немесе орташа маусымдық нормативтері;

2) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының маусымдық біртекті емес коэффициентін ($K_{бе}$) анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша:

$$K_{бе} = V_{ом}/V_{ж}$$

массасы бойынша:

$$K_{бе} = m_{ом}/m_{ж}$$

3) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының тәуліктік маусымдық біртекті емес коэффициентін анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша:

$$K_{мбе} = V_{тәу.}^{max}/V_{ом}$$

мұндағы $V_{тәу.}^{max}$ – маусымда объектідегі коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының ең жоғарғы тәуліктік көлемі, $м^3$

массасы бойынша:

$$k_{сн} = m_{тәу.}^{max}/m_{ом}$$

мұндағы $m_{\text{тәу.}}^{\text{max}}$ – маусымда объектідегі коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының ең жоғарғы тәуліктік массасы, кг.

3. Нақты және есептік жылдық көлемді салыстыру үшін коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жинақталуының есептік бірлікте белгіленген жылдық нормативтері есептік бірліктің санына көбейтіледі. Осылайша алынған коммуналдық қалдықтардың түзілуінің есептік жылдық көлемінің айырмасы олардың дәл сол объектіде бір жыл ішінде нақты жинақталуының бес пайызынан аспауға тиіс. Есепті және нақты деректерде бес пайыздан артық айырма болған жағдайда коммуналдық қалдықтардың түзілуінің сараланған нормативтері олар түзілетін негізгі объектілер бойынша талап етілген қателіктермен нәтижеге шыққанға дейін түзетіледі.